



otpannews.kz

1973 ЖЫЛДЫҢ 13 СӘУІРІНЕН ШЫҒА БАСТАДЫ

МАҢҒЫСТАУ



Kaspi Bank
арқылы жазылу

№76 (10476) 30 ҚЫРКҮЙЕК, СЕЙСЕНБІ, 2025 ЖЫЛ

ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ



САЯХАТҚА ШАҚЫРҒАН САЙЫН ДАЛА

ӨТКЕН АПТАДА КАСПИЙ
ЖАҒАЛАУЫНЫҢ ИНЖУ-МАРЖАНЫ
АҚТАУ ҚАЛАСЫНДА ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
АУҚЫМДАҒЫ МАҢЫЗДЫ БАС ҚОСУ –
MANGYSTAU INTERNATIONAL TOURISM
FORUM ШЫМЫЛДЫҒЫН ТҮРДІ. БҮЛ
ЖИЫНДА МЕМЛЕКЕТТІК ОРГАНДАР
МЕН БИЗНЕС ҚҰРЫЛЫМДАР ҒАНА
ЕМЕС, ӘЛЕМНІҢ ӘР ҚИЫРЫНАН КЕЛ-
ГЕН САРАПШЫЛАР БАС ҚОСЫП,
МАҢҒЫСТАУДЫҢ ЖАҢА ҚЫРЛАРЫН
АШУҒА ТАЛПЫНДЫ.

Форумға Экономикалық ынты-
мақтастық және даму ұйымына
мүше елдердің өкілдері, сондай-ақ
Иран, Түрікменстан, Әзірбайжан, Өзбекстан,
Қырғызстан және Тәжікстаннан келген ко-
нактар арнайы қатысты. Жиынның басты
мақсаты – Маңғыстаудың туристік әлеуетін
таныту, жаңа инвестициялық бастамаларды
талқылап, өңірді халықаралық деңгейдегі ту-
ризм орталығына айналдыру.

Форумға Маңғыстау облысының әкімі Нұр-
дәулет Қылыбай, еліміздің Туризм және спорт
министрі Ербол Мырзабосынов, Денсаулық
сақтау вице-министрі Ардақ Амангелдиев және
басқа да орталық мемлекеттік құрылымдардың
өкілдері қатысып, өз көзқарастарымен бөлісті.

Маңғыстау – мұнай мен газдың ордасы ғана
емес, қазақ даласының қайталанбас көрінісі мен
тарихи-мәдени мұрасының тоғысқан өлкесі. Боз-
жыра мен Қызылқұп шатқалдары, Каспийдің
көгілдір жағалауы – шетелдік саяхатшылардың
назарын өзіне тартып тұрған асыл қазыналар.
Әкім Нұрдәулет Қылыбай форум мінберінде
сөйлеген сөзінде осы байлықты паш етіп қана
қоймай, табиғат пен мәдени мұраға залаз кел-
тірмей, туризмді дамыту қажеттігін ерекше атап
өтті: «Біздің басты мақсатымыз – ұлттық құн-
дылықтарымызды сақтай отырып, Маңғыстауды
халықаралық деңгейдегі туристік орталыққа ай-
налдыру», – деді ол.

» 2



АҚТАУ ПОРТЫНАН – АҚШ НАРЫҒЫНА

ЖАҢА БЕЛЕСКЕ БАСТАҒАН БАҒЫТ

ҚАЗАҚСТАНДА ӨНДІРЕЛЕТІН ҰНДЫ АҚШ-ҚА ДЕЙІН ЖЕТКІЗУ – БҮЛ ЕЛІМІЗ ҮШІН
СТРАТЕГИЯЛЫҚ МАҢЫЗЫ БАР ЖАҢА БАҒЫТ. ҚАЗІРГІ КЕЗДЕ БҮЛ БАҒЫТ «KTZ
EXPRESS» КОМПАНИЯСЫ МЕН «MEDITERRANEAN SHIPPING COMPANY» (MSC)
АРАСЫНДАҒЫ БІРЛЕСКЕН МУЛЬТИМОДАЛЬДЫ ТАСЫМАЛДАУ СХЕМАЛАРЫ
АРҚЫЛЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛЫП ЖАТЫР. БҮЛ ТУРАЛЫ LOGISTAN.INFO ХАБАРЛАДЫ.

Мәліметтерге сәйкес Қазақстанда өндірілген ұн алдымен Қостанай өңірінен бас-
тап Ақтау портына дейін темір жол арқылы келеді. Одан әрі Ақтау портында
жүк теңізге тиеледі де, Каспий теңізі арқылы Ақтау – Грузияның батысындағы
Поти порт Terminal-ға жеткізіледі. Содан соң Түркия мен Испания порттарымен жалғаса
отырып, Атлант мұхиты арқылы Нью-Йорк портына тасымалданады. Болашақта бұл бағыт
бойынша ай сайын тұрақты контейнерлік жеткізілімдер жүргізу жоспарланған. Бұл дәстүрлі
жаңа бағыт Евразия кеңістігіндегі транзиттік тасымалдарды ортаптаңдыруға бағытталған
(Middle Corridor / Trans-Caspian) жүйесінің бір мысалы болып отыр.

» 2

• ҚЫСҚА-НҮСҚА

«ҚОРҚЫТ АТА» КИНОФЕСТИВАЛІ ӨТЕДІ

1–5 қазан аралығында Ақтауда түркі
дүниесінің «Қорқыт ата» кинофестива-
лі өтеді. Бұл – түркі елдер киносының
басты оқиғасы. Кинофестиваль кино
мен мәдениет арқылы аймақ елдерін
біріктіреді. Өз тарихында ол Ыстанбұл,
Бурса, Шуша және Анау (Ашхабад)
қалаларында ұйымдастырылды. Енді
кезек Қазақстанға келді: режиссерлер,
актерлер мен продюсерлердің жаңа
бас қосар орталығы Ақтау болмақ.
Биыл алғаш рет фестивальға Венгрия
қатысады.

АҚТАУДА – ТАҒЫ БІР «КЕЛЕШЕК» МЕКТЕБІ

Қаланың 20-шағын ауданындағы 1500
оқушыға арналған жаңа мектептің ашы-
лу салтанатына облыс әкімі Н. Қылыбай
қатысып, мектеп ұжымына сәттілік ті-
леді. Мектептің жалпы аумағы 14 мың
шаршы метрден асады. Білім ордасында
67 пән кабинеті бар. Оқушылардың қа-
уіпсіздігі үшін білім ордасы толықтай
бейнебақылау жүйесімен қамтылған.
Одан бөлек мектеп ауласында ойын және
спорт алаңдары бар.

ӘБІШ САЯБАҒЫ АШЫЛДЫ

Әлемнің ғұлама жазушысы, мемле-
кет және қоғам қайраткері, абыз ата
Әбіш Кекілбайұлының туған жері –
Мырзайыр құдығында Әбіш саябағы
ашылды.

Әбіш құдығы бүгінде абаттандыры-
лып, 100x50 метр аумақты қамтитын
көрікті саябаққа айналған. Мұнда ко-
нактардың демалуына арналған орын-
дықтар қойылып, әрқайсысына Әбіш
шығармаларының атауы – «Шыңырау»,
«Бәсеке», «Үркер», «Елең-алаң», «Құс
қанаты», «Ханша-дария» деген атаулар
берілген.

«МҰЗДАЙДЫҢ» МӘРТЕБЕЛІ ЖЕҢІСІ



ТІГІЛГЕН АВТОКӨЛІКТІ ЖЕҢІП АЛСА, ЖЕТІБАЙ АУЫЛЫНАН КЕЛГЕН
АМАН ЕСІМДІ ШАБАНДОЗ «ҚОС ТҰРАНЫМЕН»
ҮШІНШІ ОРЫНДЫ ИЕЛЕНІП, МОТОЦИКЛГЕ ИЕ БОЛДЫ.
ҰЛТТЫҚ СПОРТТЫҢ ДАМУЫНА ҮЛЕС ҚОСЫП ЖҮРГЕН ЖЕРЛЕСТЕРІМІЗДІҢ БІРІ –
«МҰЗДАЙ» ТҰЛПАРЫНЫҢ ИЕСІ НҮРСАҒЫН ТҰҚЫМБАЙМЕН СҰХБАТТАСУ
БҰЙЫРЫП, БӘЙГЕ ТУРАСЫНДА ӘНГІМЕ ӨРБИТКЕН ЕДІК.

– Алдымен жеңісіңізбен құттықтаймыз!
Осы жарыста топ жарған сәттегі алғашқы
әсеріңізбен бөліссеңіз.

– Бәйгеден топ жарған алғашқы жеңісіміз
әрі алғашқы тұлпарымыз болған соң сезім
ерекше.

» 10

ВАЛЮТА БАҒАМЫ

(USD) АҚШ доллары	551.00
(EUR) Еуро	646.02
(RUB) Ресей рублі	6.89

АУА РАЙЫ

	ТҮН	КҮН
Ақтау	+14	+18
Жаңаөзен	+14	+19
Форт-Шевченко	+13	+18

• БҮГІНГІ САНДА

КҮННЕН ҚҰАТ АЛҒАН ҚАЛА



Жаңа күн электр стансасы жалпы қуаты 247
МВт болатын гибриді электр стансасының
бірінші кезеңі екенін атап өткен жөн. Жаңа
станса заман талабына сай озық үлгідегі
фотоэлектрлік технологиямен жабдықтал-
ған 80 гектарға жуық аумақта LONGi ком-
паниясының 80 000-нан аса күн панелі орна-
тылған.

» 2

МЕН ҚАРАПАЙЫМ ҚАРТТАРДЫ СҮЙЕМ!..



Бірін-бірі алданыш тұтқан 107 адамның
ауыр тағдыры мен бұйығы тіршілігі сырт
көзге жұмбақ. Қарттар үйіне әркім әр түрлі
себеппен келеді. Қарттар үйін өздерінің
қарашаңырағындай көрген қариялардың
жүзінен тағдырдың талқысына амалсыз
мойынсұнған бейнелі байқайсың.

» 12